



# ФОЦИАЛИСТИК ҚАЗАҚСТАН

АЗЕТ 1919 ЖЫЛЫ  
17 ДЕКАБРЬДЕН  
ШЫГАДЫ

ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТИК ПАРТНЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ,  
ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ МЕН МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ ОРГАНЫ

## ҰЛЫ ДОСТЫҚЫН, ӘДЕБИЕТТЕГІ КӨРІНІСІ

Лениндік ұлы Коммунистік партияның тәңірегіне берік топтастып, біртұтас ел болып, біте қайнасқан совет халықтары бар байлығы, мәдениеті, өнері ортақ болып, тәтті-тату, туысқандық достық пен бірлік-бірауызылықтың тамаша үлгісін дүние жағіне көрсетіп отыр. Қун сайын күшейіп, нығайып келе жатқан осы достық - коммунизм құруыш совет халықтарының тілек-мақсаттары бір екендерінің, ииеттестігінің айқын айғасы. Ол құдіретті совет елінің күш-куатының зор тірегі, бүтінгіміз ғана емес, болашағымыздың да берік, берекелі болатындырының толық кепілі.

Ұлым достық совет әдебиетінде өзінің алуан түрлі, әржакты көрінісін тауып, әдебиетіміздің мазмұнын байытты, оған жаңаша тур беріп, түрлендіріп отыр.

Халықтар достығының ең бір жарқын көрінісі - совет әдебиетінің біртұтас көп үлттық әдебиет екендерінде, оның идеялық, эстетикалық негіздері, партиялық, халықтық саласы бір, түрі - тіші, бар нақышы - үлттық болуында. Қай үлттың әдебиетін алсақ та, онан сол халықтың өмірін ғана емес, көптеген совет халықтарының да өмірін көркем бейнелеген шығармалар табамыз.

Бүгандық Всеиволод Иванов, Павел Кузнецов сияқты орыс жазушыларының шығармаларында қазақ халқының өмірі суреттелетінін мысалға алуға болады. Осы қатарда украина жазушысы А.Десняктың "Торғай қыраны" деген Амангелді туралы повесін де атаган жөн.

Совет әдебиетінің көрнекті шығармаларын үлт тілдеріне аудару ісі де әбден өрістеп, тәндаулы көркем шығармаларды барлық совет оқушыларына таныстыру ғана емес, сонымен бірге туысан

халықтар әдебиетінің тәжрибесінен үйрену, жетістігін игерудің бір түрі болып қалыптасты. М.Горький, Маяковский, Сераримович, А.Толстой, Н.Островский, Фадеев, Шолохов сияқты совет жазушыларының шыгармалары мындаған тиражмен қазақ тілінде басылы. Көрнекті қазақ ақын-жазушыларының тәңдаулы шыгармалары да орыс тіліне, басқа түскән халықтардың тіліне аударылы.

Осындай тығыз байланыстың тағы бір айқын көрінісі ретінде әр бір ұлт әдебиетінің дамуына ұлы орыс халқының әдебиеті, бүкіл совет әдебиеті күнделікті зор ықпалын тигізіп отырганы айтудымыз керек. Қазақ совет әдебиетінің қысқа мерзім ішінде тамаша табыстары бар ескелен, профессионалды әдебиетке айналуы орыс әдебиетінің, сондай-ақ барлық совет халықтары әдебиетінің тікелей игілікті ықпалы тиіп отырған жағдайдаған мүмкін болды. Бул ықпадалың мени өте зор. Мұны бір халықтың әдебиеті екінші халықтың әдебиетіне тигізген жайғана әсер дәп санауга болмайды. Был жерде қазақ әдебиеті совет әдебиетінің айрымайтын, белінбейтін бөлігі екенін естен шыгармау керек. Қазақ совет әдебиетінің халықтар әдебиетімен байланысы – мәдени қарым-қатынастың ерекше сапалы жаңа түрі. Кәзіргі қазақ әдебиетінің даму процесі бүкіл совет әдебиетімен тығыз қабысып, уштасып жатыр. Ал қазақ ақын-жазушылары орыс және басқа түскән халықтардың жазушыларымен творчество-лық іздену үстінде тізе қосып, бірлесіп еңбек етіп келеді.

Халықтар достығы – қазақ совет әдебиетінің де ең өзекті тақырыбының бірі. Қазақ ақындары мен жазушылары да совет халықтарының достық-ынтымасын суреттеу, насиҳаттауға ти қосып, айтарлықтай еңбек шіңірді.

Жамбылдың Ұлы Ленинді, Коммунистік партияны, Совет үкіметін

халықтардың тұысқандық достығын зор шабытпен толғап айтқан, ыстық сезімге толы жырлары дүние жүзіне белгілі. Орыс халқымен жүрекке жүрек жалғастырып, шын пейілімен бірлесіп отырган қазақ халқының ага халықка деген достық сезімін қарт ақын әсерді, үмәнерлі сөзбен шебер суреттеп жеткізді, халықтар достығының жалынды жаршысы болды.

Қазақ совет әдебиетінің тандаулы нұсқалары "Абай", "Оянған өлкө" романдарында ұлы достыққа үласқан, әріден келіп жалғасқан қазақ халқының орыс халқымен жақындығы, тұысқандық қарым-қатынасы көркем бейнеленген.

"Абай" романында жазушы Мұхтар Әуезов қазақ халқы ага орыс халқының өнерін, өнегесін көріп, озат мәдениетке, жаңалыққа үмтүлғанын, ескілікке, езушілікке қарсы бұрынғыдан да батыл қимылдай бастаганын баяндайды. Сөз өнерінің халықтық қазнасындағы бар асынды бойына терең сініріп, оны алдыңғы қатарлы орыс мәдениетінің ой-пікірі, өнер-улгісіне үштастырып, Абай қазақ мәдениетін жаңа білік салыға көтерді. Романда халықтардың жақындығы, достық нышаны ең алдымен ұлы Абайдың қазақ халқы мен орыс халқының қарым-қатынасын, оның маңызын терең түсінуінен, орыс мәдениетінен творчестволық жолмен түрленуінен көрінеді. Сонымен бірге достық идеясы Михайлов, Павлов сияқты Абайға үстаздық еткен, көп кеңес берген, онымен жақын дос болған орыс адамдарының образдары, орыс мәдениетіне үмтүлған талапты қазақ жастарының іс-әрекеті арқылы да айқын көрініп отырады.

Габит Мусіреповтың "Оянған өлкө" романындағы Андрей Быков, Михайло, Неволя, Шило, Елизавета Быкова қазақ жұмышшыларының жанашыр досы, ақылшысы болып кетеді. Билар қазақ халқының

еміріне назар аударып, оның сырнаса қануга құштарланаپ, көп ойланып-толғанып жүреді. Елизавета Быкова қазақ жұмышшылары арасында "ой жарығын жагамын" деп бар ынтасымен әрекет етеді.

Ұлы достық совет адамдарына рух беріп, оларды куреске, еңбекке шабыттансырауды. Мыны біз Сабин Мұқановтың, Гебиден Мустафиннің белгілі романдарынан айқын көреміз. "Сырдария" романындағы инженер Полевой, агроном Полещук, "Қарағанды" романындағы Щербаков- қазақ халқына үлкен бауырмалдық сезіммен қарайтын адамдар. Олар өзінің бай тәжрибесін аянбай ортага салып, қазақ мамандарын, жұмышшыларын тәрбиелеу жолында еңбек етеді. "Ботағез" романындағы партияның тәрбиесін көріп, ескен, орыс революционер-коммунистерімен жан-тәнімен дос болған, жалынды революционер-большевик Аскардың образы да, "Милионер" романындағы колхозга өзі қалап келген, партия ісіне шын жүректен берілген агроном-коммунист Жомарттың образы да - әдебиеттегі халықтар достығы, советтік патриотизм идеяларының жарының көрінісі.

Халықтар достығы идеясы тек қана тікелей осы тақырыпқа жазылған шыгармалардаға, болмаса тек орыс адамының, не басқа ұлттың өкілінің образы арқылы ғана көрінеді деуге болмайды. Мысалы, "Казақ солдаты" романындағы Кайрош туысқан халықтардың адамдарына үлкен достық сезіммен қарайды, көп ұлтты социалистік Отаның жан-тәнімен шексіз сүйеді, Отаны үшін асқан ерлікпен жан аяマイ куреседі. Бул - жеке алыш қараганның өзінде де халықтар достығы идеясын насиҳаттауда елеулі мәні бар образ. Осы тұрьыдан қараганда, Аскар мен Жомарт образдары да еңбекшілерді достық, советтік патриотизм ружында тәрбиелеуге үлес қосады.

Совет халықтарының достық, ынтымағын көптеген лирикалық шығармалар мен поэмалардың негізгі желісі, арқауы болып келеді. Иса Байзақов, Қасым Аманжолов, Тайыр Жароков, Әбілдіда Тәжібаев, Гали Орманов сияқты акындар совет халықтарының достық, ынтымагын терең патриоттық сезіммен суреттеп, қазақ қалқының тағдырын, болжашағын ұлы орыс халықының, барлық совет халықтарының тағдырымен тығыз байланысты екенін ашып көрсетеді. Қазақ акындары өз шыгармаларында халықтың социалистік Отанға деген сүйіспеншілік сезімін шеберлікпен жеткізді. Мұны біз Ұлы Ленинге, Коммунистік партия мен Совет үкіметіне арналған таңдаулы, талантты өлең-жырлардан айқын көреміз. Бұл топтагы шығармаларға Советтік Конституцияны, жеңімпаз Совет Армиясын, ұлы орыс халықын, туысқан У<sup>Болгар</sup>раинаны, Москва, Ленинград, Киев, Сталинград сияқты қалаларды асқақтата жырлаган өлең, поэмалар келіп үштасады.

Туысқан халықтардың өмірін суреттейтін роман, поэма, өлең-жырлардан қазақ оқушылары совет халықтарының өмірін көреді, олардың тарихынан, бүгінгісінен үйренерлік дәстүр, үлгі-өрнек табады, қазақ өміріне сабактас, жалғас жақтарына үніледі, коммунизм құру үшін күрес үстіндегі үлес-жетістіктеріне бірге қуанады. Міне сондықтан да қазақ жазушыларының ұлы Отанымызға туысқан халықтардың өмірін, мәдениетін жете зерттеп, білуі, оны өздерінің, көркем шығармаларында нақтылы бейнелеп көрсетуі - халықымыздың көзіргі өмірлік мұдделерінен, тілек-талабынан туып отырған иғілікті іс. Биі - қазақ совет әдебиетінің өрісін кеңейте түседі, оны жаңа биікке шыгаратын жол. Осы жолдағы табыстар мем жетістіктер де елеулі олқы түскен, кем кеткен жерлер де жоқ емес. Алдағы міндет те зор, мол еңбек етуді, көп ізденуді керек етеді.

Украин, езбек, қыргыз, грузин, азербайжан, татар халықтарының өмірін бейнелейтін өлең-жылар, кейбір көлемді, ірі көркем шығармалар бар болса да, бул ретте ал істелген іс жеткіліксіз. Әсіресе, осы халықтардың өмірін суреттейтін көркемдік дәрежесі жоғары тұрган үлттық кейіпкерді терең ашып көрсететін улкен, кесек көркем образдардың өте аз екенін баса айтқан жөн.

Советтік патриотизм, халықтар достығы идеясы пролетарлық интернационализм идеяларымен үндесе үйлеседі. Совет халқы мен тұысқан қытай халқының, барлық халықтық демократия елдерінің достық, ынтымағы, өзара көмегі барған сайын нығайып, келеді. Социализм лагерінің достық ынтымағы үлт азаттығы үшін асқан ерлік, табандылықпен курс жүргізіп жатқан Азия, Африка халықтарына рух беріп, жігерлендіреді.

Бейбітшілік пен социализм үшін курсуші барлық халықтардың достығын ақын-жазушыларымыздың шығармаларында мейлінше толық, әсерлі суреттеп, жыр етудің өте улкен маңызы бар.

Әдеби зерттеулер мен ғылыми еңбектерде қазақ әдебиетінде халықтар достығының суреттелуі, қазақ әдебиеті мен тұысқан совет халықтары әдебиетінің байлачысы негұрлым толық, терең баяндаптық жағет. Жазушы, ақындардың творчествоның тәжрибесін қорытып, түйіндей отырып, әдебиет тану ғылымы совет халықтарының ұлы достығын әдебиетте барынша көркем, өмірлік шыңдыққа сай суреттейіне ат салысады.

Қазақ совет әдебиетін бүкіл совет әдебиетінің бір бөлігі деп түсініп, жеке проблемаларды осы түркідан қарал шешу шарт. Мысалы, қазақ әдебиеттіңегі колхоз құрылышын, колхоз өмірін бейнелейтін шығармаларды зерттегендегі, оларды Шолоховтың "Кете-рілген тың" романы сияқты шығармалармен тығыз байланыстырмай,

белек алып қарастыруға болмайды. Мәселе Шолохов шығармасының қазақ совет әдебиетіне үлкен себі, әсері тиғендігінде гана емес, алдымен көп үлтты совет әдебиетіндегі біртұтас әдеби процесті бүтіндегі алып қарауда, колхоз құрылымы жеке бір үлттың өміріндегі оқиға емес, Одақтық көлемдегі зор тарихи оқиға болғандығында. Соңдай-ақ қазақ әдебиетінің Ұлы Отан соғысы кезінде туган совет әдамдарының отаншылдығын, жан қияр ерлігін суреттейтін шығармаларын да орыс, урраин, өзбек сияқты түскан халықтардың жазушыларының ірі шығармаларымен байланыстыра зерттеп, тексеру шарт.

М.Горький, Маяковский, А.Толстой, Н.Островский, Фадеев, Шолохов сияқты совет жазушылары творчествоның қазақ әдебиетіне тигізген ықпалы осы түрғыдан қарал жан-жақты зерттеуді тілей ді. Осыған орай Жамбыл, Мухтар Әуезов, Сабит Мұқанов, Габит Мұстафин сияқты қазақ жазушыларының тандаулы шығармаларының бүкіл Одақтық маңызы ғылми еңбектерде кен, дәлелді турде ыспатталуы керек.

Қазақ совет әдебиетінің өзіндік ерекшеліктерін, қасиет-ыспаттарын да оны бүкіл совет әдебиетімен байланыстыра зерттеп, совет әдебиетінің негізгі, түйінді проблемаларын жете ұғынып, әбден байына барғандаған дұрыс және айқын көрсетуге болады.